- бутилды ксантогенат ерітіндісінің 70% -н II – і сатыдағы шарлы диірменге , ал негізгі флотацияға -5% -н береді;
- күкіртті натрий пульпа бөлгіш қорабына 70% -н , коллективті концентраты II і тазалау операциясына -5% -н береді ;
- Т-80 көбіктендіргіші -100% - тін және ұнтақталған кен түсетін зумфқа береді;
- сұйық шыны – 90% -тін Cu – негізгі флотациясының алдындағы зумфқа , ал тазалау операциясына 80г/т;
- машина майы гидроциклон ағызындысына беріледі.

2.2 Жөндеу жұмыстары

Жобаланып отырған фабрикада жөндеу қызметтерімен бас механиктің бөлімі мен бас энергетиктің бөлімінің жұмыскерлері айналысады.

Бас механиктің жөндеу бөлімінің барлық негізгі және қосалқы жабдықтардың жөндеу қызметтерімен айналысатын жұмыскерлері бригадаларға бөлінген және олар фабриканың ішіндегі жөндеу қызметтеріне бекітіледі, әрі ондағы өздерінің басшыларына бағындырылған.

Фабрикада алдын ала жөндеу жұмыстары жүйесі қарастырылады, оған кіретіндері:

1) Жабдықтарға смена сайын технологиялық қызмет көрсету сменалық персоналы мен кезекші слесарьларға жүктеледі;

2) Жабдықтарды тәулік сайын дұрыс пайдалану мен олардың техникалық қызметін дұрыс жүргізілуінің қадағалауы механикалық қызметтің жұмыскерлері мен слесарьларға жүктеледі;

3) Күнбе – күнгі, орташа және күрделі жөндеу жұмыстары, сонымен қатар резервте тұрған жабдықтар жұмысқа әзір болып тұру керек. Алдын – ала жоспарлы жөндеу жұмыстарының негізгі үшін машина сменді және сменалы узелды әдіс қабылданған.

Жөндеу жұмыстарының графигін жоспарлауды және құруды, жабдықтардың және қосалқы бөлшектердің шығынын нормалау бас механиктің қызмет бөлімі атқарады.

Алдын – ала жоспарлы жөндеу графигі бойынша ұсату жабдықтарын 1 жылда 1 рет 36 сағатқа тоқтатып жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Бас корпуста секция бойынша 4 айда бір рет 16 сағатқа тоқтатып диірменнің қайта болат қаптамаларымен қаптау және сұрыптағыштардың носадкасын ауыстыру т.с.с жөндеу жұмыстары атқарылады.

Сусыздандыру цехының жабдықтарында бас корпустағы жөндеу жұмыстарына сәйкес жөндеу жұмыстары жүргізіледі.

Ұсату корпустарындағы жабдықтарды күрделі жөндеу 4 жылда бір рет, жабдықтарды 48 сағатқа тоқтатып жасайды. Ал фабриканың басқа технологиялық жабдықтарын 36 сағатқа ғана тоқтатып күрделі жөндеуден өткізеді.

Жөндеу шаруашылығының құрамына жататындар:

1) Бас корпустағы ұнтақтау бөліміндегі диірмендерді болат тақталармен қаптау үшін текшелі жөндеу алаңы;

2) Ұсату корпустарындағы 126м² ауданды ұсатқышты жөндеу және құрастыру үшін текшелі жөндеу алаңы;

3) Бас корпустағы ұнтақтау бөлімін қоспағанда қойылдыру бөлімінің жөндеу алаңы барлық бөлімдердегі жабдықтарды жөндеуге арналған.

4) Сүзу бөліміндегі сүзгіштерді жөндеу және құрастыру үшін арналған текшелі жөндеу алаңы.

2.3. Сынама алу және бақылау

Байыту үрдістерінің сынамалауы мен бақылауын комбинаттың технологиялық бақылау бөлімі атқарады, оның мақсаты баланстық және оперативтік есепті жүргізу және технологиялық үрдістерді бақылау үшін атқарылатын негізгі жұмыс. Технологиялық процестердің келесідей көрсеткіштері мен параметрлеріне сынамалау мен бақылау жүргізіледі:

- бастапқы материалдың сапасын бақылау;
- кендегі және байытылған өнімдердегі металдардың пайыздық үлесін ажырату үшін;
- ұсату, ұнтақтау және флотациялау процесстеріндегі минералдың гранулометриялық құрамын анықтау үшін сынамалау және бақылау;
- байыту және қойылдыру процесстердің өнімнің құрамындағы қатты заттың пайыздық мөлшерін анықтау үшін.;
- реагенттердің шығындарын анықтау үшін;
- тауарлық өнімнің ылғалдылығын анықтау үшін;
- ортаның рН-ын анықтау үшін.

Мыстың пайыздық мөлшері келесі өнімдерден анықталады:

- байыту бөлімінің секцияларынан шығатын ақырғы қалдықтан;
- Си- сапасыз концентратынан;
- дайын өнімдерден;
- гидроциклон ағызындыларынан;
- мыс концентратынан.

Қатты заттың мөлшерін келесі өнімдерден:

- 1) Гидроциклон ағызындыларынан;
- 2) Қойылдыруға дейінгі және кейінгі мыс, мырыш концентратынан;
- 3) Қойылдрғыштың ағызындыларынан.

Балансты және оперативтік есепті жүргізу үшін өнімдерді сынамалау, үрдістердің келесідей нүктелеріне атқарылады:

- 1) +10 мм ірілік кластың мөлшерін анықтау үшін майда ұсатудан кейінгі ұсатылған кенге;
- 2) Ірі ұсатудағы ұсатқыштың бір сменадағы өңдеген кеннің салмағына. Ол тасымалдағыштардағы орнатылған конвейерлік таразылар арқылы өлшеніп мөлшері анықталады;
- 3) Майда ұсатудан өткен кеннің мөлшеріне. Олда конвейерлік таразылар арқылы анықталады;
- 4) Ұнтақтау және флотация секцияларынан өткен кеннің мөлшеріне, ондағы конвейерлік таразылар арқылы анықталады, оның көрсеткіштері фабриканың диспетчерлік пунктінде орналасқан санаушы қондырғыда қайталанып көрсетіліп отырады;
- 5) Гидроциклондардың ағызындысындағы қатты зат мөлшерін картограмаға түсіріліп отырады және ол автоматты түрде реттеледі;
- 6) Барлық секциядағы бақылау флотациядағы флотомашинаның соңғы камерасынан шығатын ақырғы қалдықтан мыстың пайыздық мөлшерін

анықтау үшін сынама алынады. Сонымен қатар осы сынамамен – 0,074 мм кластың құрамын анықтау мақсатында елеуішті талдау жасалады. Қажетті сынама әрбір 2 сағат сайын алынып отырады.

7) Си-концентратынан (негізгі бақылау, тазалау) концентратынан алынған сынамадан мыстың әрі ондағы пульпаның құрамындағы қатты зат мөлшерін анықтау үшін керек;

8) Қойылдырғыштардағы тұныған судың шекарасын анықтау әрбір сағат сайын жүргізіледі;

9) Қойылдырғыштың ағызындысындағы қатты зат мөлшерін анықтау үшін әрбір екі сағат сайын сынамалау жасалады.

2.4 Технологиялық процестерді автоматтандыру

2.4.1 ТПАБЖ -ның маңызы

Өнеркәсіптің барлық саласында автоматизациясы қолдану ғылыми – техникалық өсіп дамудың нәтижесі болып табылады. Соның арқасында технологиялық қуаты күрт өсіп, технологиялық процестердің сапа және сан жағынан ілгері дамуы байқалады.

Автоматтық басқару нәтижесінде байыту фабрикаларының негізкөрсеткіштері болып табылатын бөліп алу дәредесі едәуір жақсарды. Реагенттерден шығын мөлшері реттеліп отырады. Осының бәрі алынған өнімнің өзіндік құнын төмендетеді, түсетін пайданы арттыруға мүмкіндік береді. Автоматтандырылған басқару жүйесі дегеніміз – ол адамның қатысуымен іске асырылады. Бұл жүйе бойынша оған автоматтың берген деректерінің нәтижесінде процестің жүруін басқару туралы дұрыс шешім қабылданады.

АСУТП – ның негізгі ережелері:

- басқару жүйесі бірнеше деңгейден тұрады;
- көптеген функцияларды есептеп шығару үшін алгоритмдердің болуы;
- көптеген процестердің ауытқуын бақылай отырып, оны сабасы-на түсіру;
- тез және сапалы басқару;
- цифрлі қолдануға мүмкіндік береді; т.б.

Байыту фабрикаларды автоматтандырудың мақсаты техникo – экономикалық көрсеткіштерді көтеру, еңбек қауіпсіздігі және жағдайын жақсарту болып табылады.

Байыту фабрикаларды автоматтандыру спецификалық ерекшеліктеріне байланысты техникалық шешімдер қабылданады. Спецификалық ерекшеліктеріне: физико – механикалық қасиеттеріне, бастапқы кеннің мөлшері, үздіксіз және механикаландырылған өндіріс, заттық құрамының өзгеруі, технологиялық процестердің және байыту жабдықтарының көптігі,

энего – су пайдалану жоғарлығы, көлік және байланыс әр түрлілігі, көмекші материалдың жебірлігі, бастарқы кеннің жемірлігі жатады.

Байыту процесіне негізгі технологиялық параметрлер: бастапқы кеннің және концентраттық заттың құрамы, пульпа тығыздығы, пульпа температурасы, пульпа ішіндегі реагенттің концентрациясы, ұсату және ұнтақтау өнімінің гранулометриялық құрамы, кеннің және концентраттың ылғалдылығы, қысым әсер етеді.

2.4.2 Ұнтақтау және сұрыптау процестерін автоматтандыру

Ұнтақтау және сұрыптау процестері кен құрамындағы минералдардың өзара жігін ажыратып, оны флотацияға дайындау үшін қолданылады. Бұл екі процесс өзара тығыз байланысты. Сондықтан оларды өзара бір-бірінен бөлмей тұтас қараған дұрыс.

Байыту фабрикасының техникалық және экономикалық көрсеткіштерінің денгейлері осы процестермен анықталады. Кенді дайындаудағы автоматтандыратын технологиялық процестердің 15-дейін осы процестің үлесіне тиеді.

Ұнтақтау және сұрыптау процестерін автоматтандырғанда төмендегідей мәселелерді шешу қажет:

- 1) механизмдердің жұмыс қабілетін бақылауды автоматтандыру;
- 2) механизмдер мен машиналардың подшибниктерінің температурасы;
- 3) майлау жүйесін қамтамасыз ету;
- 4) ұнтақтау бөлімінің жабдықтарының жұмысы;
- 5) технологиялық механизмдердің жұмысын есептеу және тақтату тәртібі;
- 6) ұнтақтау циклының технологиялық көрсеткіштерін бақылау;
- 7) циклдық кен бойынша өнімділігі;
- 8) барілген су мөлшері;
- 9) сұрыптағыш ағызындысындағы кен түйіршіктерінің ірілігі;
- 10) ағызынды тығыздығы;
- 11) диірменге шар беру;
- 12) пульпа денгейі;
- 13) айнелымды жүк мөлшері;

2.4.3 Ұнтақтау процесін басқару

Тұйық циклда жұмыс істейтін ұнтақтау басқаруға тиісті процес ретінде, төмендегідей көрсеткіштермен сипатталады.

- 1) Процеске түсіру
 - кен бойынша өнімділік – Q ;
 - диірменге берілетін су мөлшері – W_m ;

- сұрыптағышқа берілетін су мөлшері – W_c ;
- өнімнің ірілік құрамы – C_x ;
- кеннің физикалық және химиялық қасиеттері – G ;
- диірменнің айналу жылдамдығы – n ;
- шар мөлшері – u ;
- кеннің ылғалдылығы және температурасы – T ;


2) Процеске шығару

- сұрыптағыш ағызындысының көлемдік мөлшері – Q_c ;
- ағызынды тығыздығы – q_c ;
- ірілік құрамы – G_c ;
- циклдың дайын класы бойынша (- 0,074 мм) өнімділігі – q_k ;
- диірмен қозғалысына жұмсалатын қуат мөлшері – P ;

Тұйық циклда жүретін процесс диірмендегі зат мөлшерінен G , Π маңызымен, тығыздықпен δ_t , ірілік құрамымен, айналмалы құммен, гидроциклон зумфындағы пульпа деңгейімен сипатталады.

Көп жағдайларда басқаруға жататын көрсеткіштер болып төмендегілер табылады: тығыздық – δ , диірменге жұмсалатын электр қуаты – P , ұнтақтайтын денердің (шарлардың) әсерлерінен пайда болатын шу деңгейі. Сондай – ақ айналмалы жүк (құм) мөлшері. Ол берілетін судың мөлшеріне тікелей байланысты.

Басқару процесіне өте икемді көрсеткіштер: диірменнің кен бойынша өнімділігі – Q , диірменге берілетін су мөлшері – W_0 ; диірменнің айналу жылдамдығы.



Сурет 2.1 – Ұнтақтау бөлімінің автоматтандыру схемасы

Процесс көрсеткіштерінің ауытқуын, өзгеріп отыратын факторлары – кеннен ағыздының ірілік құрамы және оның физикалық және механикалық қасиеттері – δ .

Ұнтақтау және сұрыптау процестерінің динамикалық қасиеттеріне төмендегідей факторлар әсер етеді

- 1) Қатты заттың ұнтақталып сулы ортада ірілігіне қарай бөлінуі

2) Диірмен мен сұрыптағыш гидравликалық ыдыс тұрғысында сипатталады

3) Заттың диірмен ішінен өтіп, құбыр арқылы сұрыптағышқа өтуі

Диірменнің сұрыптағышпен тұйық циклда жұмыс істеп, оған кенмен бірге судан басқа құрамында едәуір суы бар айнымалы құм беріледі. Осының нәтижесінде қатты зат мөлшері, пульпаның сұйық зат фазасы, ірілік құрамы, тығыздығы, сондай - ақ ұнтақтау уақыты өзгереді. Тұйық циклда ұнтақтаудың динамикалық қасиеттерінің қосындысымен анықталады. Сонымен бірге ұнтақтау және сұрыптау процестерінің жеке – жеке динамикасын анықтайтын ерекшеліктері тұйық циклда тең,

1) Тұйық циклға кіретін жабдықтар едәуір көлемде гидравликалық ыдыстар болып табылады.

2) Ол аппарат пен ұнтақталған заттар жылжығанда (бар процестен екінші процеске өтеді) біршама уақыт өтеді.

3) Өнімділік, ірілік құрам, кеннің физикалық және механикалық қасиеттері үздіксіз өзгеріп отырады.

2.4.4 Функционалдық автоматтандыру схемасының сипаттамасы

Тұйық циклда ұнтақтау процестерін автоматтандыру үшін төмендегідей мәселелерді шешу қажет:

1) Динамикалық түсетін кеннің мөлшерін реттеу

2) Оған берілетін судың мөлшерін реттеу

3) Сұрыптағышқа келетін пульпаның тығыздығын реттеу

Диірменге берілетін су мөлшері су құбырына орнатылған клапан арқылы тұрақтандырылады ($W = \text{const}$).

Бұл әдіс диірменге берілетін кеннің мөлшері тұрақты болғанда тиімді. Датчик ретінде әр түрлі су азайтатын тетіктер қолданылады.

Су мөлшерінің реттегіші атқарушы механизм арқылы диірменге берілетін су құбырындағы клапанды өзгертіп отырады. Диірменге берілетін су мөлшерін өзгерту арқылы қатты зат пен судың өзара қатынасын тұрақтандыру ($Q:C = \text{const}$). Бұл әдісті қолдану диірмен ішіндегі пульпаның тығыздығын тұрақтандырады. Соның нәтижесінде ұнтақтау процесі реттеліп шамадан тыс ұнтақталп кетуден сақтайды.

Бұл жағдайда автоматты реттеу жүйесінде I – 1 өнімділік 1а және су мөл. датчигінің Q:C қатынасын реттегіш 1в атқарушы механизм арқылы клапанды немесе су мөлшерін 3в өзгертеді. Гидроциклонға түсетін пульпаның тығыздығы ($\delta_{H^2} = \text{const}$) судың мөлшерін өзгерту арқылы тұрақтандырады. I – 4 жүйесінің құрамына тығыздық датчигі 4а және тығыздық реттегіш 4в. Тығыздықты реттегіш су құбырындағы клапанды өзгерту арқылы су мөлшерін реттеп отырады. Су мөлшерін өзгерту үшін датчик (7а) ретінде әр түрлі су ағынын өзгертіп отыратын тетіктер қолданылады.

3 СӘУЛЕТ – ҚҰРЫЛЫСТЫҚ ШЕШІМДЕР

Құрылыстық шешімдер келесі жағдайларды қамтиды:

- 1) Өндіріс орны өртке қауіптілік жөнінен Д категориясына жатады;
- 2) II класты құрылыс
- 3) Құрылымдар мен ғимараттардың өртке бейімділігі II дәрежелі;
- 4) Жұмыс орындарындағы табиғи жарықтың дәлдік дәрежесінің күйі жалпы бақылауды қажет ететін жұмыс.

Ірі ұсату корпусының ғимараты нөлдік белгіден төмен орналасқан. Ғимараттың сыртқы пішіні тік төрт бұрышты. Кенді түсіретін бункердің конструкциясы мономентті темір бетоннан құйылған. Ғимараттың негізгі қаңқасы темір бетоннан құрастырылған. Оның фундаментті мономентті. Ғимараттың үсті темір бетонды тақталармен жабылған. Жабдықтардың астындағы табаны берік темір бетоннан тұрады. Ғимараттардың шатыры қаңылтыр темір беттермен жабылған. Жауын шашынның суларында тасталынады. Еден бетон негізінде цементтелген.

Бас корпустың сыртқы көрінісі кемерлі бір этаждан тұратын ғимарат. Ғимараттың негізгі қаңқасы темір бетоннан, ал ойықтар жиынды темір ботонды тақталармен жабылған. Ғимараттың және жабдықтардың ірге тасы тұтас темір бетоннан құйылған. Қоршаулардың құрылымы жиынды шыны панельдер. Едендер асфальттелінген және темір бетоннан тұрады. Жасанды жарық 200 Вт жарықшалармен жарықшандырылады.

Бас корпустың кен түсетін бункерінің қимасының кескінінен, оның құрылымы темір бетонды тұтас құйылады, темірлі түсіргіш шығанақтан тұрады.

3.1 Жұмысшылардың тұрмыстық және санитарлық жағдайын үйлестіру

Тұрмыстық корпус үш этажды кірпіштен салынған ғимарат, сыртқы көрінісі тік төрт бұрышты. Онда монша мен гардероб, санитарлық тораптар, кір жуатын, кептіретін жайлар, шеберхана, дәрігерлік бөлім деген сияқтылар орналасқан. Кеңсе екі этажды ғимаратта орналасқан. Осы ғимаратта қоғамдық ұйымдардың бөлмелері орналасқан.

Фабриkanың барлық корпустары мен ғимараттары жылытылады. Негізгі өндірістік бөлмелердің жылытуы желдеткіш жандырғыш агрегаты арқылы іске асырылады. Жөндеу шеберханасының, қоймалардың, кеңсенің тұрмыстық бөлмелерін өздерінің жеке пештерімен жылытылады.

Ірі және орта, майда ұсату корпустарында шаң тозанды таратпау үшін технологиялық жабдықтарды мұқият герметизацияландырылған және шаң тозанды сорып алу жүйесі қарастырылған.

Жобаның технологиялық бөліміне сәйкес технологияға қажетті судың мөлшері қайтарымды суды қосқанда 1012 м³.

СН және ППГ- 3-61 бойынша сырттағы өртті сөндіру үшін қажетті судың шығыны 10л/сек. СН және ППГ -3-61 бойынша II дәрежелі өртке бейімділік екенін және Д категориялы өндіріс екенін ескерсек ішкі өртті сөндіруге қажетті судың шығыны қарастырылған. Судың қажетті максимальды арыны -40м судың арыны бойынша.

Технологияға қажетті таза суды қыспақты мұнарасының резервуарынан алады.

4 ЕҢБЕКТІ ЖӘНЕ ҚОРШАҒАН ОРТАНЫ ҚОРҒАУ

4.1 Ұйымдық- құқықтық аспектілері

Осы бөлім келесі ұйымдық- құқықтық негіздерді ескере отырып жазылған:

- ҚР Еңбек кодексі 15 мамыр 2007 жылғы;
- 22.11.96 жылғы өрт қауіпсіздігі туралы заңы;
- қауіпті өндірістік объектілердегі өндіріс туралы заңы 3.04.02 жыл;
- радиациялық қауіпсіздік туралы заңы 23.04.98 ж;
- «Мұнай газ өндірісі, бұрғылау, геологиялық барлау және геофизикалық жабдықтарға қойылатын талаптар» Техникалық регламенті 29 желтоқсан 2009 жыл;

-Кезең бойынша геологиялық барлау туралы нұсқаулар (қатты пайдалы қазбалар) 27 ақпан 2006 жыл;

- Жұмыскерлерді арнайы аяқ киіммен, басқа жеке қорғаныс және ұжымдық қорғаныс құралдарымен, санитарлық тұрмыстық ғимараттармен, құрылғылармен жұмыскердің есебінен қамтамасыз ету ережесі 31 шілде 2007 жыл [1-7].

Қауіпсіз және қалыпты еңбек жағдайын қалыптастыру өндірістегі мемлекеттік маңызды іс болып табылады. Қазақстан Республикасындағы Еңбекті қорғау ҚР конституциясымен кепілдендірілген еліміздің басты заңы, 29 –статья «ҚР азаматтарының денсаулығын қорғауға құқығы бар».

Металлургия жұмыстарын қауіпсіз жүргізу тәсілдеріне үйрету олардың кәсіби дайындығымен жүзеге асырылады. Оларды жеке оқыту арқылы дайындайды (немесе бригадамен), сонымен бірге металлургия ұйымдардағы курстармен дайындалады.

Қызметкерлерді оқыту мен дайындау еңбек қорғау облысындағы бекітілген тәртіппен нормативті-құқықтық актілермен орындалады.

Қазақстан Республикасы еңбек туралы заңдылықтардың негізінде өндіріс басшыларынан жұмысты қауіпсіз жүргізуді қамтамасыз етуді талап етеді. Осыған байланысты өндіріс басқармасы барлық жұмыс орындарын сапалы техникалық жабдықтармен қамтамасыз етіп, еңбек қорғау , қауіпсіздік техникасы, санитарлық ережелерге сай талаптарды қадағалап отыруы тиіс. Бекітілген ережелерге сай ,ол мәселелерді шешу өндірістің басшылары мен инженерлік техникалық қызметкерлерге жүктеледі. Өндіріс басшыларына, сондай – ақ осы бағытта шыққан заңдылық құжаттарды, бұйрықтарды, ережелерді мүлтіксіз орындау тапсырылып, жұмысшыларды арнайы киіммен,аяқ киіммен, тамақпен, санитарлық тұрмыстық орындармен қамтамасыз ету тапсырылады.

Ұсату корпусының негізгі өндірістік персоналы жеті сағаттан тәулігіне екі сменамен жұмыс істейді. І-ші смена -0⁰⁰-7⁰⁰, ІІ- ші смена 8⁰⁰-15⁰⁰.

Бас корпус, сусыздандыру цехы және қалдық қоймасының негізгі технологиялық персоналы тәулік бойына үздіксіз жұмыс істейді.

Фабрика еңбекшілерінің құрамы.

Жұмысшылар оның ішінде: а) негізгі-85 адам, б) қосалқы -46,4 адам.

ИТЖ-24 адам

Қызметкерлер-5 адам, МОП-9 адам ---- барлығы -169,4 адам.

Жұмысқа келген әрбір жұмысшы техника қауіпсіздігіне байланысты инструктаждан өтуі керек.

1) кіріспе нұсқау ол техникалық процестермен танысу және арнайы киім кешекті дұрыс пайдалану;

2) алғашқы нұсқау жұмыс орнында өткізіледі: жұмыстың ережелері және міндеттерімен қауіпсіз жұмыс істеу;

3) қайталама нұсқау бай сайын барлық жұмыскерлерімен өткізіліп отырады;

4) кезектен тыс нұсқау басқа жұмыс орнына ауысқанда немесе технологиялық процесс өзгертілсе және техника қауіпсіздігі сақталмаған жағдайда қолданылады.

4.2 Еңбек қорғаудағы қауіпсіздік техникалық шаралары

Бункерлер кенді қабылдауға арналған бункерлер темір бетоннан, не темірден жасалынған. Бункерге келіп түскен кен тікелей конусты ірі ұсатқышқа түседі. Конвейерлер қауіпсіздікті сақтау үшін конвейерлер орналасқан галереяның биіктігі 2 метрден кем болмау керек. Конвейердің жұмысын қамтамасыз ететін жұмысшылардың жүріп тұруына, оның қабырғамен арақашықтығы 0,7 метрден кем болмауы керек. Ұсатқыштар: ұсатқыштарды орнатқанда олардың кен түсетін және кен шығатын жырықтары тұтас темірмен қалқаланады. Ол жұмысшыға ұсатқыштан ұсатын кен кесектерінің түсуінен сақтандырады. Кен түсіргіштер, конвейерлар және т.б ұсатқышқа кен беретін, кен шығаратын механизмдер ұсатқыш жұмыс істемей тұрғанда, олар іске қосылмайтындай етіп жалғастырылған.

Диірмендер: олардың негізгі бөлшектері айналып тұратын (кен түсіргіш, үлкен және кіші шестерня т.с.с) механизмдерін тұтас темірмен қаптайды. Диірменнен шыққан шардың, сондай ақ қоқыс артық заттарды гидроциклонға, насостарға жібермей ұстап қалу үшін, диірменнің аузына темір тордан жасалған барабан қондырылған.

Ұнтақтауға қажетті шарлар, қаптамаларды сақтау үшін ұнтақтау бөлімінде арнайы жөндеу алаңының бір жағында орналастырылады.

Байыту фабрикасындағы потенциалды зияндықты және қауіптілікті талдау төмендегі кестеде келтірілген.

Атқарылатын жұмыстың аты	Потенциалды зияндылық және қауіптілік	Қауіпсіздік шаралары және өндіріс тазалығы
фабриканы салу және жабдықтарды пайдалану	Адам қанының химиялық құрамының өзгеруі, күн сәулесінің түсуі, қыс мезгілінде адамдардың үсуі.	Жұмыс істейтін жабдықтар корпус ішінде орналастырылуы қажет. Газды суы бар автоматты қондырылғыларды орнату. Арнайы жылы киімдер беру. Фабрикадағы жұмыс орындарын жылыту.
Кенді тб. түсіру және кен қабылдайтын бункерді қондыру және таңдау	Ұсатқыштарға, диірмендерге т.с.с. қоқыстарды түсірмес үшін	Бункердің үстіне торлар орнатылады, ұсатылған кенмен бірге қоқыс заттарды түсірмес үшін.
Ұсату корпустары	Тасымалдағыштан кеннің түсіп кетуі. Қатты шуыл шаң тозаң, ұсатқыштардан кен кесектерінің ұшуы	Конвейердің тоқтан және сигнализацияның қосылуын алдын ала ескертетін автоклавтардың жоспарын жасау. Қатты шуылды басатын қолдану. Ұсатқыштың кен түсетін тетігін және айналып тұрған бөлшектерін қалқалау.
Ұнтақтау бөлімінің жабдықтарын қадағалау	Шуыл және электр ток күшінен сақтану, көпірлі кранның жұмысын қадағалау	Шуылды басатын сымның бір ұшын жерге қосу жұмыстарын жүргізу. Жүк көтергіш құрылғыны жұмысқа жарамды күйінде ұстау.
Флотация бөлімі	Химиялық улы заттардың бөлінуі	Жұмыс орындарын желдеткішпен жабдықтау.
Қойылту бөлімі	Күтпеген жағдайдан адамдардың қойылтқышқа құлау, электрсоққы	Қоршаулар орнату. Қондырғыны жерге орнату.
Реагеттік бөлім	Улы бу түріндегі зиянды заттар	Жергілікті күштеп сору желдеткішін орнату.
	Еріту кезінде, т.б жағдайларда химиялық заттармен күйу	Аспарация, ережелерді қатаң сақтау тасымалдау кезінде
	Электр соққы	Қондырғыны жерге қосу.

4.2.1 Өндірістегі қауіпті себептерге талдау

Жобаланып отырған байыту фабрикасы Қоңырад кен орнының мыс молибден кенін байытуға арналған. Бұл байыту фабрикасы Балхаш қаласынан

1,5 шақырым жерде орналасқан. Оның жобасына төмендегідей ғимараттар мен құрылымдар кіреді.

- 1) Орта және майда ұсату корпусы
- 2) Бас корпус
- 3) Сүзу, құрғату
- 4) Ірі ұсату корпусы
- 5) Реагенттік бөлім
- 6) Механикалық шеберхана
- 7) Асхана
- 8) Әкімшілік басқарма корпусы
- 9) Галереялар.

Фабриканы қоршаған ортаға зияндылығы жөнінен III-ші категориялы өнеркәсіпке жатады. Байыту фабрикасында қозғалмалы аппараттар мен механизмдер көптеп саналады. Олармен жанаса қалған жағдайда жарақат алу қаупі өте жоғары. Кенді қабылдау және беру кезінде, оның кесектері ұшып, адам денесіне жарақат салуыда мүмкін.

Байыту фабрикасында электр қауіптілігі жоғары. Мұнда электр қондырғылары көп. Сондықтан электр тоғымен жанасып қалу мүмкіндігі де жоғары. Оның себебі жабдықтардың ақаулы болуы, электр тоғы жүретін сымдардың, не жермен байланыс жүйесінің бұзылуы.

4.2.2 Жерге қосылғыш қондырғыны есептеу

Жұмысшыларды электр тоғының әсерінен қорғау үшін фабрикадағы электр жабдықтары жерге қосылған.

- 1) Жобаланып отырған фабрика сулы 3 ауданы тұрады
- 2) Ұзындығы 2,5метр болатын жердің меншікті кедергісін өлшегенде (тереңдігі 0,8 м) ол $0,15 \cdot 10^4$ ом·см болды.
- 3) Жерге сіңетін ток мөлшері $I_{ж}=60A$ ұсынылып отырған жермен жалғастырып отыру әр қайсысының ұзындығы 50метр болатын арасы 15метр қашықтықта орналасқан екі темір таяқшаның көмегімен іске асырылады. Жер кедергісі $R_{ж}=40m$.

Фабрикаға салынатын аудандағы климаттың коэффициенттің $f=5$ деп алуға болады.

Олай болса меншікті кедергі:

$$\rho_c = \rho_0 \cdot f = 0,24 \cdot 10^4 \cdot 5 = 1,2 \cdot 10^4 \text{ ом}$$

Бір темір таяқшаның кедергісі:

$$R = (\rho_c \cdot R \sqrt{2\pi e}) \ln(c^2/dt);$$

$$d=0,5R=0,5 \cdot 4=2\text{см}; t=80\text{см}; l=500\text{см}$$

$$R = (1,2 \cdot 10^4 \sqrt{2\pi \cdot 500}) \ln = 5000^2 \sqrt{2 \cdot 80} = 4,48 \text{ ом}$$

Бір электродтың:

$$R_{ж} = \rho_c \sqrt{2\pi} \ln \left(\frac{2l}{l} \right) + \frac{1}{2} \ln(4t + l \sqrt{4t - l});$$

$$R_c = \rho_c \cdot t = 0,15 \cdot 10^4 \cdot 5 = 0,75 \cdot 10^4 \text{ см}$$

$$R_c = 0,75 \cdot 10^4 \cdot 2\pi \cdot 250(1_n 100 + 1 \sqrt{2} 1_n 1,87) = 23,56 \text{ Ом}$$

Есептелген кедергіні тексеру:

$$R_c = R_c \cdot R_n \sqrt{R_c \cdot h_N + N \cdot R_U \cdot n_0} \leq R \cdot 5 \text{ Ом},$$

Мұнда: R_c - біліктің кедергісі;

R_n - таяқшаның кедергісі;

N - электродтар саны;

h_N - жабылу кедергісінің коэффициентті;

n_0 - электродтардың кедергіге әсерінің коэффициентті;

R_U - кедергі шегі.

$$R_c = 23,56 \cdot 4,48 / 23,56 \cdot 0,78 + 4,48 \cdot 0,72 = 4 \text{ Ом}$$

4.2.3 Еңбек қорғаудағы өндірістік тазалық шаралары

Жұмысшыларға және қызметкерлерге күнделікті тұрмыстық тазалық жағдай жасау үшін фабрикада тиісті ғимараттар мен құрылымдар қарастырылған.

4.3.1 Өндірістегі зиянды себептерге талдау

Фабрикада жұмысшылардың кәсіптік ауруға шалдығуына жалпы сипатын факторлардың негізгілер:

Ұсату бөлімінде шаң мөлшерінің жоғары болуы, сондай ақ шу мен дірілдің әсері жоғары. Ұнтақтау бөлімінде дірілдің әсері, ал реагенттер бөлімінде улы заттар концентрациясының жоғарлығы.

Фабрика өте жоғары ылғалды (80% -дейін) және төмен жылулы (қыста - 10⁰с дейін) өндіріс болып табылады. Жұмысшыларға қажетті жағдай үшін қыста жылулық +15⁰с, ал ылғалдылық 40-60% шамасында болуы қажет. Жоғарғы ылғалдылық электржелілердің сақтандырғыш қаптамаларын бұзады, адамдар үшін және басқада кәсіптік сырқаттарға әкеліп соқтыруы мүмкін.

4.3.2 Ауа тазартуды ұйымдастыру

Фабрикада ауа тазартып тұратын қуатты қондырғылар жүйесі бар. Жалпы және жеке жұмыс орнының ауасын тазарту. Шаң бөлінетін орында, оны шектеп оқшаулау үшін өндіріс орындарындағы технологиялық жабдықтарды мұқият жабу және ауа алмасу желдеткішін қолдану қарастырылған. Мұндай жүйелер ұсату, кен қабылдағыш бункер үстінде, ұнтақтау бөлімінде. Флотация бөлімінде ылғалдылықты төмендету үшін жұмыс орнынан лас ауа алмастырғыш арқылы тазартылып отырады.

Реагенттер бөлімінде тікелей жұмыс орындарынан ауа желдеткіш арқылы ауа алмастырылып отырады.

4.3.2.1 Реагенттер бөліміндегі ауа тазартқыш қондырғыларды есептеу

Фабрикада жұмыс орындарындағы ауасы өте лас реагенттік бөлім болып табылады. Онда зиянды заттар улы бу түрінде бөлінеді, сол себепті төменде желдеткіш жүйесін есептеу әдісі келтірілген.

1) Ашық беттен буланып ұшатын ылғалдылық мөлшерін мына формула бойынша анықтайды:

$$q=(a+0,0174 \cdot V) (P_2-P_1) F, \text{кг/сағ}$$

мұндағы V- ауаның қозғалу жылдамдығы -0,5 м/с

P₁- қоршаған атмосферадағы сулы будың серпімділігі, ол P₂-нің 70%-тің құрайды және 18ммсынап бағанасына тең.

P₂ -26,6 мм сынап бағанасына тең

F – буланудың ені -4м²

a – қоршаған ортаның гравитациялық жылжымалылық факторы - 0,022

$$q=(0,022+0,0174 \cdot 0,5) (26,6-18,6) \cdot 4=0,982 \text{ кг/сағ}$$

4.1-кесте – Реагенттік бөлімнің желдеткішін есептеуге қажетті деректер

Реагенттердің аты	Буланатын реагенттердің мөлшері	ПДК мг/м ³
Ксантогенат	5	1,0
Керосин	3	100
Күкіртті натрий	10	900

Буланған реагенттің мөлшерін есептеу:

$$q_{\text{кс}}=0,982 \cdot 0,05=0,0491 \text{ кг/сағ}$$

$$q_{\text{кер}}=0,982 \cdot 0,03=0,0294 \text{ кг/сағ}$$

$$q_{\text{Na}_2\text{S}}=0,982 \cdot 0,1=0,0982 \text{ кг/сағ}$$

Қажетті ауаның мөлшерін есептеу:

$$O_{\text{кс}}= q_{\text{кс}}/\text{ПДК}=0,0294/11 \cdot 10^{-7}=44636,3 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

$$O_{\text{кер}}= q_{\text{кер}}/\text{ПДК}=0,0294/0,1 \cdot 10^{-4}=2940 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

$$O_{\text{Na}_2\text{S}}= q_{\text{Na}_2\text{S}}/\text{ПДК}=0,0294/0,9 \cdot 10^{-4}=1075,6 \text{ м}^3/\text{сағ}$$

Қиманың өзгеруіне және пайда болатын бұрылыстарды, жергілікті кедергілер мен қабырғаларына, ауаның үйкелуінен қысым төмендейді, соның салдарынан ауа алмастырғышта ауаның қозғалысы қиындайды. Қысымның төмендеуін төмендегі формуламен есептелінеді:

$$P = (\lambda d \cdot l + E) v^2 \lambda / 2q; \text{ кг/м}^3$$

мұндағы λ – үйкеліске кедергі ететін кедергі;

l – желдеткіштің құбырының ұзындығы;

d – ауа алмастырғыштың диаметрі;

v – ауаның жылдамдығы;

λ – ауаның тығыздығы.

Құбырдың диаметрін 400 мм деп қабылданады. Сорылатын ауаның көмегі арқылы анықталады:

$$Q = 44636,3 \text{ м}^3/\text{сағ} \quad V = 4 \text{ м/с} \quad \lambda d = 0,062$$

$$Q = 2940 \text{ м}^3/\text{сағ} \quad V = 10 \text{ м/с} \quad \lambda d = 0,051$$

$$Q = 1075,6 \text{ м}^3/\text{сағ} \quad V = 8,5 \text{ м/с} \quad \lambda d = 0,071$$

Қысымның жоғалымын есептеу:

$$P = (0,062 \cdot 4 + 2,2) 4,2^2 \cdot 1,2 = 2,374 \text{ кг/м}^3;$$

$$P = (0,051 \cdot 4 + 1,2) 10^2 \cdot 1,2 / 2 \cdot 9,81 = 7,514;$$

$$P = (0,071 \cdot 4 + 2,2) 8,5^2 \cdot 1,2 / 2 \cdot 9,81 = 6,894.$$

Желдеткіштің қысымы: $H_B = K P, \text{ кг/м}^2$; $K = 1,5$

$$H_B = 1,5 \cdot 16,782 = 25,173 \text{ кг/м}^2$$

Каталог бойынша т-мен қысымды Ц-4-70 $H_{\text{max}} = 400 \text{ кг/м}^2$ желдеткіші таңдалады.

4.3.2.1 Механикалық жарақтарды сақтау

Реагенттерді дайындау бөліміндегі барлық жұмыс алаңдары 0,5 метр биіктікте жоғары орналасқандықтан жұмысшылардың жүріп тұруна арналған көпірлер мен 1,2 метрлік қанатты баспалдақтармен қамтамасыз етілген. Баспалдақтардың көлбеулігі -45° , ени $-0,7$ метр. Агрегаттардың айналып тұрған бөліктері, күштеу желдеткішінің қозғалтқыштары т.с.с арнайы қалың қаптамалармен қапталған.

4.3.3 Жасанды жарықты есептеу

Есептеу өнеркәсіптің бөлмелеріндегі жұмыс орындарындағы жарықтық ағымды қолдану коэффициентіне байланысты жүргізіледі.

$$F = E \cdot K_S \cdot Z \cdot (M_n),$$

мұндағы E – мин. ды жарық деңгейі;

K – қор коэф.

S – бөлменің ,не жұмыс орнының ауданы

Z – бөлменің т.с.с орташа жарық деңгейіне өту коэф.

M – пайдалану коэф.

n – жарықтардың саны.

Бөлмені жарық қылуна ,оның размерінің әсері:

$$V=L \cdot B \cdot (H \cdot (L+B))$$

мұндағы H – бөлменің т.с биіктігі;

L – бөлменің т.с ұзындығы;

B – ені.

$$V= 16 \cdot 30 \cdot (7 \cdot (16+30)) = 1,4$$

$$F= 50 \cdot 1,5 \cdot 450 \cdot 1 \cdot 0,68 \cdot 10 = 4963,24 \text{ лк}$$

4.4 Өртке қарсы шаралар

Жобаланып отырған фабрика өрт қауіптілік бойынша Д категориясына жатады, яғни өртке шалдығу ықтималдығы төмен. Байыту фабрикасындағы жағар май станциясы мен жанғыш заттар қоймасы қашықта жеке орналасқан. Фабриканан аумағында өрт сөндіру үшін қажетті суды алуға айналмалы су құбырлар жүйесі ескерілген. Одан суды алу үшін өрт гидротары жол бойында ғимараттардың қабырғаларынан 5метр қашықтықта орналасқан. Сумен қамтамасыз ету көзі болып Балхаш көлі саналады. Комбинаттың насос станциясы арқылы суды қысыммен айдайтын резервуарға беріледі, онан өндіріс сумен қамтамасыз етіледі. Ішкі сөндірудің су құбыры әкімшілік тұрмыстық ғимараттарында орналасқан ішкі өрт крандары баспалдақтарда, кіре берістерді, коридорларда орнатылған. Әрбір ішкі өрт крандарында ұзындығы 10 метр қайрылмалы шланг бар. Қалған барлық өндірістік орындардағы өртті сөндіру үшін жұмыс орындарын жууы шайуға арналған суды пайдалануға болады. Сонымен қатар цехтарда алғашқы өрт сөндіру құрал саймандары бар, оларға жататындар: ОХП-10 қолды көбікті өрт сөндіргіштер, ОУ-5 қолды қышқылды өрт сөндіргіштер.

Нормалармен ескерілген:

Өндірістік ғимараттар үшін 600-800м² ауданға ОУ өрт сөндіргішінен 1 дана. Тұрмыстық қызметтік үйлерге 200м² ауданға ОУ-5 сөндіргішінен 1 дана. Қоймаларға 900м² ауданға ОУ-5 сөндіргішінен 2 дана. Өрт кезіндегі фабриканың бөлмелерінен және ғимараттардан адамдарды эвакуациялау жолдары ескерілген. Ол жолдардың ұзындығы 40-75 метр, ені адамдардың тобырының және сығылысуының болдырмау үшін 1,5-2,5 метр жасалынған. Сонымен қатар өрт кезінде және тағы басқа төтенше жағдайларда шығу үшін ғимараттардың периметр бойында сыртқы темір баспалдақтар орнатылған. Ол баспалдақтың ені 0,7 метр, көлбеу бұрышы 60⁰. Хабарландыру селектр арқылы және дыбысты белгілер арқылы жүргізіледі. Өрт қауіпсіздік жұмыстарын жақсы ұйымдастыру үшін өрт қауіпсіздік техникалық комиссиясы құрылады. Оны бас инженер басқарады, әрі өртке қарсы шараларды және ерікті өрт сөндіруші жасақтарын құру бойынша ұйымдастыру және дамыту жұмыстарын атқарады. Ал ерікті өрт сөндіруші жасақтарын басқару байыту фабрикасының бастығына жүктелед.

4.5 Қоршаған ортаны қорғау

4.5.1 Өндіріс қалдықтары және олардың мөлшері

Байыту процесі нәтижесінде шығарылатын тастанды өнім - қалдық. Оның мөлшері қатты затпен есептегенде жылына 1 281 120 т. Ондағы су мөлшері 5 295 840 м³. Қалдықпен біре қойылтқыш ағызындысыда қоймаға түседі. Вакуум насостардыда салқындату үшін қолданылған су да сонда жіберіледі. өндірістен бөлініп шығатын тағы бір зат ұсату цехынан шығатын шаңданған ауа, ондағы қатты зат мөлшері 2 мг/м³. Сондай-ақ, концентратты кептіруде бөлініп шығатын құрамында белілі мөлшерде қатты зат бар – газ. Ол газ ауаға жіберілер алдында үш сатылы тазалаудан өтеді: I – циклондар, II – электрофилтрлер, III – скрубберлер. алдыңғы екі саты арқылы алынған концентрат қоймаға жөнелтіледі де, ал скруббер арқылы ұсатылған пульпа тұндырғыш аппаратқа жіберіледі.

4.5.2 Ауаны қорғау

Ұсату цехында бас корпуста, кен берілетін және қабылданатын орында таралуын қамтамасыз ету үшін, ол жерде шаң ұстағыш санитарлық жүйе орнатылған: шаң бөлінетін жабдықтарды мұқият қаптау және желдеткіш орнату, шаңды ауаны екі рет тазартып, сыртқа шығарту, т.с.с. шаңды ауаны бөліп тазарту үшін ВД-12 түрлі желдеткішін қолданады. Оның өнімділігі-55 м³/с, электр двияательдің қуаты 73 кВт. Бірінші тазалау циклонда 300 мм, ал екінші тазалау скрубберде іске асырылады. Жалпы тазалау дәрежесі - 97-99% жетеді.

4.5.3 Су қоймаларын қорғау

Фабрикадан шығатын барлық ағызынды сулар қалдықпен бірге қалдық қоймасына жөнелтіледі. Қоймада тұндырылған су құдықпен жалғанған құбыр арқылы тазалау ғимаратына келіп түседі. Тұндырылған су фабрикаға жөнелтілер алдында механикалық және химиялық тазалаудан өтеді. Ол таза сумен қосылып технологиялық процестерде қолданылады. Қалдық суы жер асты суына өтіп, оны ластамас үшін қойманың бөгеттері сазбалшықпен қапталып, бекітіледі.

5 ӨНДІРІС ЭКОНОМИКАСЫ

5.1 Есептеуге қажетті бастапқы деректер

5.1-кесте – Есептеу деректері

Көрсеткіштер	Өлшем бірлігі	Мөлшер
1. Фабриканың өнімділігі	т/ж	8000 000
2. Концентрат шығарылымы	т/ж	184800
3. Кендегі металл үлесі	%	0,9
4. Концентраттағы металл үлесі	%	35
5. Қалдықтағы металл үлесі	%	0,09
6. Металды бөліп алу дәрежесі	%	90
7. Смета бойынша барлық қаржы салымы	мың.тг	3053764
8. Ғимараттардың және құрылғылардың бағасы		22371913,28
9. Құрал-жабдықтардың бағасы	мың.тг	815250,72
10. Жұмысшылар саны	адам	232
Жұмысшылар	адам	175
ИТР	адам	4
	адам	5
Моп	адам	10
11. Жылдық энергия шығыны	КВт/сағ	176329015
12. Жылдық су шығыны, техн	м ³ /ж	29626580
Қайтарымды	м ³ /ж	14813460
Жаңаланған	м ³ /ж	2962760

5.2 Эксплуатациялық шығындары есептеу

Шикізаттың бағасы

Жылына өңделінетін кеннің мөлшері 8000 000 тонна құрайды, оның 1 тоннасының бағасы 498,4 теңге. Жылдық шығын 59808000000 теңгеге тең.

Кеннің мөлшері және оның тасымалдану құны; $8000\ 000 \times 24,8 = 198400000$ теңге.

Қосалқы материалдардың бағасы 5.2 кестеде келтірілген

5.2-кесте –Қосалқы материалдың бағасы

Материалдардың атауы	Жылдық шығын		
	Мөлшер	Баға, теңге	Барлығы, теңге
Реагенттер: Бутилді ксантогенат, кг	102000	1010,3	103053200
Машина майы, кг	250000	34,62	8656000
Көбіктендіргіш Т-80, кг	250000	6,62	1660000
Күкіртті натрий, кг	72000	16	1152000

5.2-кестенің жалғасы

Материалдардың атауы	Жылдық шығын		
	Мөлшер	Баға, теңге	Барлығы, теңге
Болат шарлары, кг	13780000	11,2	1543360000
Електер торлары	1600	500	800000
Футеровка, кг:			
ұсатқыштардікі, кг	400000	100,8	40320000
диірмендердікі, кг	390000	100,8	39312000
сүзгілер маталары, м ²	1000	180,8	180800
Барлығы			1378494000

5.3-кесте – Энергия шығындарының құны

Энергия шығындарының атаулары	Жылдық шығын		
	Мөлшер	Баға, теңге	Барлығы, теңге
Күш-қуаттың энергиясы	176328833	9,6	16932867872
	2		
Технологиялық су, м ³	2962580	2,4	7110192
Технологиялық бу, м ³	3200	396,6	1182720
Қысымды ауа, м ³	4174000	0,16	667840
Барлығы			16941828624

5.3 Құрал-жабдықтарды пайдалануға және оларды ұстап тұруға шығындалатын шығындарды есептеу

5.4-кесте – Құрал жабдықтардың және тасымалдау құрылғылардың амортизациясы

Құрал-жабдықтардың атаулары	Құрал жабдықтардың бағасы, мың.тг	Амортизациялық төлемдер	
		% бағасы	Барлығы, теңге
Ұсатқыштардың барлық түрлері	23897,6	12	2867,7
Електер	1512,0	17	257,0
Диірмендер	74524,80	15,4	11476,8
Гидроциклондар	11762,4	10	1176,24
Флотациялық құрал-жабдықтар	70574,56	40	28224,8
Сорғылардың барлық түрлері	2625,6	50	1312,8
Көтергі крандар	1552,8	9	139,75
Көтеріп тасымалдаушы құрал-жабдықтары	21006,4	24	5041,54
Сусыздандыру құрал-жабдықтары	7377,6	15	1106,64
Барлығы	214833,76		51608,27

5.4 Цехаралық шығындарды есептеу

Құрал жабдықтарды пайдаланудағы шығындарды есептеу (0,5 % бағасынан):

$$\frac{\text{барлық құрал – жабдықтардың бағасы}}{100} \cdot 0,5 = 1021840 \text{ теге}$$

Құрал жабдықтардың күнделік жөндеуге шығындалатын шығындарды есептеу (3,5 % бағасынан) :

$$\frac{\text{барлық құрал – жабдықтардың бағасы}}{100} \cdot 3,5 = 1553800 \text{ теге}$$

Ауысымды бөлшектерді және тез істеп шығатын құралдарды ауыстыру шығындары (3% бағасынан)

$$\frac{\text{барлық құрал – жабдықтардың бағасы}}{100} \cdot 3 = 10931832 \text{ теге}$$

Сондай-ақ жыл бойы әртүрлі заттарды тасымалдауда шығындалатын шығындардың жалпы бағасы =38953024 теңге құрайды.

5.5 Кенді және концентратты өндеудің өзіндік құнының калькуляциясы

5.5-кесте – Бір тонна кенді өндеудің калькуляциясы

Статьялардың атаулары	Бірлік санның бағасы, теңге	Жылдық мөлшері	Жылдық қосындысы, мың.теңге	1 т кенге шаққан шығын
Бастапқы шикізат, т	498,4	4000000	1993600	498,4
Кенді тасымалдау				80
қосалқы заттар:				
а) Т-80, кг	16	7267294	11627,68	1,93
б) күкіртті натрий	14,72	878985	12894,49	2,08
в) бутил ксантогенаты	59,52	593035,7	35297,48	5,84
г) машина майы	13,68	950817,4	18007,18	2,16
д) шарлар, кг	13,6	1388862,8	18888,53	3,14
е) електер торлары, м ²	11,6	2399014	27828,56	4,63
ж) футеровка, кг	10,8	148787	21108,16	2,16
з) сүзгілер матасы, м ²	18,08	7469,03	592,722	0,096
Барлығы			141244,8	22,04
Энергетикалық шығындар, кВт				
а) күш-қуаттық	2560	858870	2198707,2	366,4
б) технология суы	2,4	28635500	145067,12	24,16
в) технологиялық бу,	369,6			0,59
г) қысымды ауа	0,16	25293058	4856,27	0,8
Барлығы			369804,11	391,95
Негізгі жұмысшылардың еңбек ақысы, теңге			23137,59	38,4
а) негізгісі			210204	0,95

б) қосымшасы			52800	8,8
в) енгізілген еңбек ақысы				
Барлығы			78039663	47,55
Өндірісті дайындау және игеруге қатысты шығындар	0,3% барлық статьялардың қосындысынан			
Құрал-жабдықтарды ұстап тұруға және пайдалануға қатысты шығындар, теңге			51,02 1073,36	10,16 0,216
а) құрал-жабдықтарды және тасымалдау құрылғылардың амортизациясы				
б) құрал-жабдықтарды пайдалану			1024,84	0,17
в) ағымдағы жөндеу			1553,8	1,2
г) ауыстырым бөлшектері және тез істеп шығатын құралдар			10931,83	1,04
д) тез істеп шығатын құны төмен құрал-жабдықтар			1678,40	0,27
Барлығы			16310,25	1,45
Цехтық шығындар, теңге				
а) ғимараттармен құрылымдардың амортизациясы			12078	2,4
б) ғимараттардың және құрылымдардың ағымдық жөндеу шығындары			14720	7,36
в) зерттеулерге және сынауларға кететін шығындар			4628	0,088
г) еңбек қоғау			232,08	4,56
Барлығы			263,506	14,4
Барлығының қосындысы			59687039	938,4

5.6 Дайын өнімнің толайым бағасын есептеу

5.6-кесте – Концентраттың толайым бағасы

Концентрат атауы	Концентрат шығарылымы	Мыстың үлесі, %	1 т. концентраттың бағасы, теңге	Қосындысы, теңге
Мыс концентраты	92400	35,0	1026,84	94880016

5.7 Негізгі техника – экономикалық көрсеткіштерді есептеу

1) Еңбек өнімділігі бір еңбекшігі:

$$\frac{\text{Еңбек өнімділігі бір еңбекшігі}}{\text{еңбекшілер саны}} = 25862,1 \text{ т/жыл}$$

2)
$$\frac{\text{Барлық өнімнің толайым бағасы}}{\text{еңбекшілер саны}} = 4089,6 \text{ т/адам}$$

$$\frac{\text{Барлық өнімнің толайым бағасы}}{\text{жұмысшылар саны}} = 5421,7 \text{ т/адам}$$

3) Кіріс: $\Pi = \text{Ц} - \text{С}$,
мұнда – Ц – жылдық өнімнің толайым бағасы;
С – калькуляция бойынша жылдық шығынның қосындысы.
 $\Pi = 94880016 - 59687039 = 35192977$ мың теңге

4) Рентабельдік:

$$P = \frac{\Pi}{\text{С}} \cdot 100 = \frac{3519297}{59687039} = 58,9\%$$

5) Өтеу мерзімі:

$$T = \frac{M}{\Pi} = \frac{140671900}{35192977} = 3,99 = 4 \text{ жыл}$$

мұнда- М- жалпы күрделі шығын
Π – жылдық кіріс

ҚОРЫТЫНДЫ

Дипломдық жобаны орындау негізінде Жезқазған мыс сульфидті кенінің байыту технологиялық сұлбасы жасалынды. Кеннен мысты неғұрлым толық бөліп алу үшін бастапқы минералдық шикізат үш сатылы ұсату сатысынан өтеді. Екі сатылы ұнтақтаумен 85 % – 0,074 мм ірілік класқа жеткізіліп флотация процесіне түсіріледі. Флотация процесі шламды және құмды болып атқарылу негізінде үлесі 35%-ға тең мыс концентраты алынады. Концентраттың кеннен бөлініп алу дәрежесі 90%, мыстың қалдықтағы үлесі 0,09% құрайды.

Жобада негізгі және қосалқы құрал-жабдықтар таңдалынып есептелінді. Сондай-ақ ұсынылған жобада еңбекті және қоршаған ортаны қорғау сұрақтары және өндіріс экономикасы қарастырылды.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Көшербаев Қ.Т. Флотациялық байыту әдістері – Алматы 2000
- 2 Көшербаев Қ.Т. Кен байыту негіздері –Алматы 1998
- 3 Көшербаев Қ.Т. Қалдық шаруашылығы, қайтарымды суды пайдалану және тазалау әдістері – Алматы 2005
- 4 Шаутинов М.Р. Байыту өнімдерін сусыздандыру және шаң ұстау- Алматы 2005
- 5 Сажин Ю.Г. Расчеты схем рудоподготовки и выбор оборудования для дробления, грохочения, измельчения и классификации-Алматы 2005
- 6 Досумов Ж.У. Ұсату, ұнтақтау, кенді байытуға дайындау –Алматы 2003
- 7 Досумов Ж.У. Флотациялық реагенттер – Алматы 2000
- 8 Разумов К.А. Проектирование обогатительных фабрик- Москва, Недра 1981
- 9 Полкин С.И., Адамов К.Э. Обогащение руд цветных и редких металлов-Москва, Недра 1982
- 10 Абрамов А.А. Технология обогащения руд цветных металлов – Москва, Недра,1983
- 11 Справочник по обогащению руд (Обогатительные фабрики)- Москва, Недра 1984
- 12 Справочник по обогащению руд (Основные процессы)- Москва, Недра 1984
- 13 Тематический каталог №5, выпуск 2 Уровнемеры. Метран. –г. Челябинск 2005
- 14 Номенклатурный каталог выпуск 2.01 Средства автоматизации. Метран г. Челябинск
- 15 Гудима В.И. Основы автоматизации обогатительных фабрик – Москва, Недра 1979
- 16 Козин В.З., Троп А.Е., Кошаров А.Я. Автоматизация производственных процессов обогатительных фабрик Москва, Недра 1980
- 17 Злобинский Б.М. Охрана труда в металлургии Москва, Металлургия 1975
- 18 Шоқабаяев Т.Д. Экономика предприятия